

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 539 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы

N 5 3 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 100 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 4, 56-құжат) 1-тармағының 1), 2) тармақшалары, 2-тармағы және көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 және 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 646 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 307 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 13, 168-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасы.

3. "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) Көліктегі экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы)" мемлекеттік мекемесін тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 маусымдағы N 720 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 26, 341-құжат) 3-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы N 837 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 29, 390-құжат) 1-тармағының 1) тармақшасы.

5. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысында :
көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың қызметкерлері штат санының лимиттерінде 20-тармақ алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың аумақтық органдары қызметкерлері штат санының лимиттерінде 16-тармақ алынып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер қызметкерлері штат санының лимиттерінде 12-тармақ алынып тасталсын.